Gazet 2017 jyldyń qańtar aıynan
bastap shyǵady
Газета издается с января 2017 года

№12 (95) - желтоқсан/декабрь 2024 jyl/года

# ÁSKERI ZAŃGER

Respýblıkalyq áskerı-quqyqtyq gazet / Республиканская военно-правовая газета

## ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН СЕРЖАНТТАР, ОФИЦЕРЛЕР МЕН ГЕНЕРАЛДАР! ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Сіздерді Қорғаныс министрлігі жеке құрамының атынан және өз атымнан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – азаттық жолында күрескен ұлт батырларын ұлықтайтын күн, мемлекетіміздің бостандығы мен еркіндігінің нышаны! Қазақ халқы талай ауыр сынақтарды, аштық пен қуғын-сүргінді басынан кешірді, қаншама нәубеттен аман қалып, елдігін сақтады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «16 желтоқсан – төл тарихымыздағы мерейлі белес. Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн» деді.

Халқымыз ұлттық құндылықтарды, тілді, тарих пен мәдениетті қайта жаңғыртуда талай сыннан өтті. Бұл ата-бабаларымыз армандаған азаттық пен тәуелсіздік жолы.

1991 жылдан бастап осы күнге дейін Қазақстан болашағын бағамдап, армандарын жүзеге асыруда.

Бүгінде бәріміз Қазақстанның қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық, білім және ғылым саласындағы халықаралық қоғамдастықпен интеграциялануға ұмтылысын айғақтайтын шынайы тарихи оқиғалардың куәсіміз.

Елдегі болып жатқан өзгерістер мемлекетіміздің болашағы елдің мықты, қарқынды дамуынан, бәсекеге қабілетінен және халықаралық беделінен көрінуде. Осы жолда әрқайсымыз аянбай еңбек етуіміз керек.

Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда Қарулы Күштер қауіпсіздікті сақтаудың кепілі.

Бүгінде Қарулы Күштер жауынгерлік құрамды кезең-кезеңімен нығайтуға жұмыс істеп жатыр. Жоғарғы Бас Қолбасшының тапсырмасымен құрылған Арнайы операциялар күштері қарқынды дамып келеді. Жалпы әскери, әскери-теңіз және авиациялық құралымдарды күшейтуге, барлау-жауынгерлік және әскери-көлік әлеуетін, оған қоса артиллерия мен ӘШҚҚ әскерлерінің мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған кешенді ұйымдастыру шаралары да өткізілді. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне енгізілген аумақтық әскерлер де жетіліп келеді.

Жеткен жетістіктеріміз де баршылық, алайда алда алар асу, бағындырар шың да көп. Әлем алдында елімізді өркендеп келе жатқан мемлекет, Қазақстан халқын ынтымағы жарасқан ел ретінде таныттық.

Осындай ұлы мереке күні Қарулы Күштердің барлық жеке құрамына, барлық отандастарға зор денсаулық, ырыс-ынтымақ және ашық аспан тілеймін!

## УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И СЕРЖАНТЫ, ОФИЦЕРЫ И ГЕНЕРАЛЫ! ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!

Примите от меня лично и личного состава Министерства обороны искренние и сердечные поздравления по случаю празднования Дня Независимости Республики Казахстан!

Этот праздник по праву является днем памяти наших национальных героев, внесших значительный вклад в обретение независимости, символом свободы и могущества нашего государства! Казахи прошли череду тяжелых испытаний, голод и репрессии, но они выстояли и сохранили себя.

Как отметил наш Президент Касым-Жомарт Токаев: «16 декабря – великая дата в истории нашей страны. Она символизирует воплощенную в реальность мечту предков о суверенном государстве».

Наш народ прошел долгую и тернистую дорогу к возрождению национальных ценностей, языка, истории и культуры. Это путь к свободе и самостоятельности, о которой мечтали наши предки.

С 1991 года и по сей день Казахстан стремительно мчится вперед, воплощая мечты в реальность.

На сегодняшний день все мы являемся свидетелями поистине исторических событий, свидетельствующих о стремлении Казахстана к интеграции с международным сообществом в области безопасности, экономического и гуманитарного сотрудничества, в сфере образования и науки.

Все преобразования в стране вселяют оптимизм и уверенность казахстанцев в будущем нашего государства как сильного, динамично развивающегося, конкурентоспособного и имеющего международный авторитет.

В защите суверенитета и территориальной целостности Республики Казахстан особая роль отведена Вооруженным Силам, как гаранту сохранения безопасности.

Сегодня Вооруженные Силы работают над поэтапным наращиванием боевого состава. По поручению Верховного Главнокомандующего в приоритетном порядке развиваются Силы специальных операций. Проведены комплексные организационные мероприятия, направленные на усиление общевойскового, военно-морского и авиационного компонентов, увеличение разведывательно-боевого и военно-транспортного потенциала, а также возможностей артиллерии и войск ПВО. Развиваются территориальные войска, которые также включены в общую систему обеспечения военной безопасности государства.

Мы многого достигли и еще много вершин предстоит покорить нашей Родине. Мы доказали всему миру, что Казахстан сумел стать Родиной для многих национальностей, объединили народ Казахстана в одно целое, сплотили и повысили уровень его толерантности.

В этот знаменательный день желаю всему личному составу Вооруженных Сил, всем соотечественникам крепкого здоровья, благополучия и мирного неба над головой!

**Құрметпен,**
**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі**
**генерал-полковник Р.Жақсылықов**

**ГЕРОИ И В БОЮ, И В МИРНОЙ ЖИЗНИ** стр. 3

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЕЛ АРМИЯСЫ** стр. 4

**ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШ** стр. 7

# ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

**«АСТАНА» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫ ӘСКЕРЛЕРІНЕ ҚАРАСТЫ 06708 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ. ОНДА ЖАУЫНГЕРЛІК ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ, ӘСКЕРИ ТЕХНИКА МЕН ҚАРУ-ЖАРАҚТЫ ҚОЛДАНУ, ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУДЫ ОҚЫП ҮЙРЕНУ ҚАМТЫЛҒАН.**

Ертеңгілік таралымға сапқа тұрғызылған жеке құрамға әскери бөлім командирі полковник Нүркен Жүнісәлиев кешендік сабақ жоспарын жеткізді.

Қауіпсіздік ережелерін сақтаудың кешендік сабағы белгіленген орындарда бірнеше топқа бөлініп жүргізілді. Алдымен, лейтенант

С.Қабдығалиев жеке құрамды алғашқы медициналық көмек көрсету тәртіптерімен таныстырып өтті. Келесі кезекте капитан В. Щербаков аккумуляторлық батареяларды қолдану кезіндегі сақтық ережелерін көрсетті.

Кешенді сабақты өткізу барысында капитан К. Шаянов әскери қызметшілердің қару-жарақ пен оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі сақтық ережелерін түсіндіріп жеткізсе, майор М. Дүйсембаев әскери техникалар мен қару-жарақтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу және оларға қызмет көрсету, техниканы тіркеп, сүйреп алу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін пысықтады.

Ашық алаңдағы артиллериялық ауыр техникалар орналасқан орында капитан Д.Жақсылықов орудиядан ұрыстық атуды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сондай-ақ белгіленген уақыт тәртібінің нормативтерін орындау ережелерін жеткізді. Жалғасын үзбеген кешендік сабақты өткізу кезінде бөлімнің жеке құрамына капитан М.Ильясов электр құралдарын қолдану ережелерін түсіндірсе, кіші



сержант Б.Әбдіқадыров дене шынықтыру дайындығының нормативтерін орындау кезіндегі қауіпсіздікті сақтау тетіктерін жеткізді. Аға лейтенант С.Қамаш бөлімнің жеке құрамын өрттен сақтану мен өрт сөндіру құралдарын қолдану кезіндегі сақтық ережелерімен таныстырды.

Іс-шараға бөлімнің барлық санаттағы әскери қызметшілері мен азаматтық персонал қатысты. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға арналған кешенді сабақты ұйымдастыру мен өткізуде бөлім командирінің жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары подполковник Ж. Мәмбетов белсенділік танытты.

**Думан ЖҰМАШҰЛЫ,**
**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы**

# ЗАЛОГ УСПЕШНОЙ СЛУЖБЫ

**ОДНОЙ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ СТОИТ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ И ПРОФИЛАКТИКА НАРУШЕНИЙ В АРМЕЙСКИХ РЯДАХ. ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ В КАЗАХСТАНСКОЙ АРМИИ ВКЛЮЧАЕТ В СЕБЯ НЕ ТОЛЬКО СТРОГИЕ МЕРЫ НАКАЗАНИЯ ЗА НАРУШЕНИЯ, НО И АКТИВНУЮ РАБОТУ С ЛИЧНЫМ СОСТАВОМ, ВОСПИТАНИЕ СОЛДАТ В ДУХЕ ТОВАРИЩЕСТВА, УВАЖЕНИЯ И ВЗАИМОПОМОЩИ.**

Для предотвращения правонарушений в воинских частях важным аспектом является постоянная работа с солдатами, личное общение с ними, обеспечение их психоэмоциональной стабильности. Командиры, военные психологи и воспитатели регулярно проводят занятия с личным составом, объясняя необходимость соблюдения внутреннего устава и уважения друг к другу.

Важную роль в процессе профилактики играют и представители военной полиции. Они не только обеспечивают безопасность, но и активно работают с личным составом, разъясняя ответственность за правонарушения.

– Мы проводим регулярные профилактические мероприятия как с солдатами, так и с командирским составом, чтобы предупредить правонарушения, – отмечает начальник службы Управления военной полиции Таразского регионального гарнизона подполковник юстиции Галымжан Тлеужанов. – Особое внимание уделяется раннему выявлению проблем в поведении военнослужащих и их своевременному решению.

- Каждый военнослужащий должен понимать важность соблюдения порядка, и наша задача – предупредить проблемы, прежде чем они возникнут, – добавил начальник отдела профилактики Управления военной полиции Таразского регионального гарнизона подполковник юстиции Дидар Капсанов.

Взаимодействие командиров, психологов и военной полиции позволяет успешно предотвращать неуставные взаимоотношения, предупреждать проблемные вопросы. Комплексный подход к профилактике правонарушений в армии позволяет не только минимизировать риски, но и способствует созданию здоровой атмосферы в воинских коллективах.



– Когда мы только пришли в армию, было много вопросов и переживаний, – признается рядовой срочной службы войсковой части 85395 Артур Бутыленко. – Но с каждым днем мы стали чувствовать себя увереннее. Мы понимаем, что дисциплина – это не только порядок, но и наша безопасность.

С ним согласны его сослуживцы Даулетияр Утебай и Диас Искиндиров. Они подчеркнули, что в одном большом мужском коллективе им предстоит провести вместе целый год, вместе преодолевать трудности.

– Зачем нам ссориться и выяснять отношения? – искренне недоумевает рядовой срочной службы Даулетияр Утебай. – Мы все в одинаковом статусе и положении, любые спорные вопросы всегда можно разрешить спокойно, в разговоре, не нарушая дисциплину.

Регулярные профилактические мероприятия, встречи с военнослужащими помогают выявлять потенциальные угрозы еще до их проявления. И в этом отношении вполне очевидно, что сотрудники военной полиции – это не только представители закона, но и главные союзники в укреплении дисциплины среди солдат.

Такая комплексная профилактика помогает поддерживать правопорядок в армии, ведь в этом залог не только успешной службы, но и высокого уровня боеготовности.

**Дина МУХАРИНОВА,**
**Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),**
**пресс-служба Таразского гарнизона**

# ФУНДАМЕНТ НАШЕГО ОБЩЕСТВА

**ДЛЯ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ КАРАГАНДИНСКОГО ГАРНИЗОНА БЫЛА ОРГАНИЗОВАНА КОНФЕРЕНЦИЯ ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ.**

Представители местного духовенства встретились с военнослужащими зенитно-ракетного дивизиона С-300 войсковой части 44803. В конференции приняли участие теолог Серик Тлекбаев, религиовед Нуржигит Мусабеков и волонтер молодежного ресурсного центра г. Сарани Динара Елешова. Спикеры отметили, что в современном мире религиозный экстремизм и терроризм являются одними из важнейших проблем и угроз для общества и государственной целостности. Учитывая современные тенденции, в нашей стране уделяется большое внимание борьбе с этими негативными явлениями.

– Противодействие терроризму и экстремизму - это важнейшее направление обеспечения права и порядка в мире. Несмотря на то, что в общей статистике правонарушений проявления экстремизма занимают незначительную часть, они вызывают негативную реакцию общества, государственных и правоохранительных органов. Это всеобщая проблема, которую мы должны решать в масштабах всей страны. Уверен, что военнослужащие внесут в



это дело значительный вклад, – отметил в своем выступлении теолог Серик Тлекбаев.

Участники конференции подчеркнули, что духовное согласие, единство между народами и традиционными религиями - наше бесценное богатство, а стабильность - фундамент нашего общества. Толерантность по отношению друг к другу, дружба с соседями - одни из главных достижений независимого Казахстана за четверть века.

- 18 октября мы отметили День духовного согласия. Это важный праздник. Наша цель – беречь и приумножать то, что у нас есть. В стране, где люди неподдельно уважают друг друга, независимо от национальной и религиозной принадлежности, будет мир, дружба и достаток. У казахов говорят: «Татулык - табылмас басыт». Поистине это так. Человек достигнет всех своих пожеланий, стремлений, живя в мире и согласии. Будет мир – будут расти дети, будет развиваться страна, - сказал заместитель командира зенитно-ракетного дивизиона С-300 войсковой части 44803 майор Рамазан Бахтияров, который подчеркнул, что в конференции приняли участие военнослужащие более чем 30 национальностей.

**Фархат КИНЖИТАЕВ,**
**Айдын ТОНТАЕВ (фото)**

# ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ БОЙЫНША САБАҚ

**ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫНА ҚАРАСТЫ 54380 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕН ҚЫСҚЫ ОҚУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАР АЛДЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ НҰСҚАУ-ӘДІСТЕМЕЛІК САБАҚТАР ӨТТІ.**

Әскери қызметшілерді жауынгерлік даярлық бағдарламасының іс-шараларын және күнделікті қызметті орындау барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау қағидаларымен таныстырды.

Әскери бөлімнің аумағында әскери техникалар паркі аймағында, казармалық үй-жайларда, спорт және қараул қалашықтарында, тактикалық алаңда және әскери қызмет атқаратын басқа да орындарда көрнекі құралдармен оқу орындары ұйымдастырылды.

Сабақ жетекшілері қару-жарақпен және әскери техникамен жұмыс барысында қауіпсіздік шараларын сақтау, жеке құрам қараул қызметін атқару кезіндегі жалпы талаптар, атыс қаруымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқамалар өткізді. Сондай-ақ, өрт және электр қауіпсіздік ережелерін сақтау, түрлі жарақаттар алған кезде алғашқы көмек көрсету бойынша нұсқаулық өткізілді.

– Қауіпсіздік талаптары бойынша сабақтар Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін жауынгерлік даярлау жоспарына сәйкес жеке құрамның 100% тарта отырып, желтоқсанда басталатын қысқы оқу кезеңі қарсаңында өтіп жатыр, - дейді 54380 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Нұрлан Қажуат.



Тәжірибе көрсеткендей, сапалы дайындалған және өткізілген осындай іс-шаралар жауынгерлерде қауіпсіздік шаралары туралы тұрақты білім қалыптастыруға, жеке құрамның жарақаттануының алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**

# ГЕРОИ И В БОЮ, И В МИРНОЙ ЖИЗНИ

**В СЛЕДУЮЩЕМ ГОДУ НАША СТРАНА БУДЕТ ОТМЕЧАТЬ 80-ЛЕТИЕ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ. БОЛЬШОЙ ВКЛАД В ЕЕ ДОСТИЖЕНИЕ ВНЕСЛИ ЖИТЕЛИ ШАХТЕРСКОГО РЕГИОНА. В ДОМЕ ДРУЖБЫ КАРАГАНДЫ СОСТОЯЛСЯ КРУГЛЫЙ СТОЛ, ПОСВЯЩЕННЫЙ ПАМЯТИ ВЕТЕРАНОВ ВОЙНЫ И ТРУДА КАМАЛИ ДЮСЕМБЕКОВА И КАЛИ АМАНБАЕВА.**

«Их судьбы можно назвать примером беззаветного служения Родине, подлинного мужества и самоотверженности», - подчеркнул заместитель акима Карагандинской области Алибек Алденей. В мероприятии также приняли участие руководитель управления внутренней политики Нурлан Бикенов, председатель областного филиала партии AMANAT Бекзат Алтынбеков, командующий войсками Регионального командования «Астана» полковник Махсут Гусейнов, курсанты Академии МВД РК имени Б. Бейсенова, военнослужащие Департамента по делам обороны, слушатели военных кафедр вузов, представители общественных объединений, ученые, депутаты маслихатов, многие заслуженные аксакалы.

- Кали Алибекович и Камали Жуматаевич, которым в декабре нынешнего года исполнилось бы 100 лет, внесли весомый вклад в развитие независимого Казахстана, сохранение единства и стабильности в обществе, исполнение поручений Главы государства, патриотическое воспитание молодежи. В настоящее время мы стараемся достойно продолжать дела, начатые ими, на них равняется подрастающее поколение, - отметил заместитель главы региона.

С ним солидарен председатель Совета



ветеранов Карагандинской области Габит Туяков.

- Наши уважаемые земляки неоднократно проявляли героизм на полях сражений, с полной самоотдачей трудились на благо общества в мирной жизни. Кали Алибекович служил механиком в 240-м истребительном авиаполку, в котором воевал лучший ас СССР Иван Кожедуб, многие годы возглавлял коллектив Карагандинской студии телевидения. Камали Жуматаевич награжден тремя орденами Славы, сражался под Сталинградом, принимал участие в освобождении Крыма, а в послевоенное время все свои силы и опыт вложил в развитие Жанааркинского и Шетского районов, - рассказал он.

Своими воспоминаниями о героях поделились известные жители региона, в том числе ректор Карагандинского университета Казпотребсоюза, кавалер орденов «Құрмет» и «Парасат» Еркара Аймагамбетов, заслуженный деятель культуры и просвещения, кавалер ордена «Парасат» Рымбала Омарбекова, почетный ветеран сельского хозяйства, кавалер ордена «Құрмет» Боранбай Жумкин и другие.

Напомним, 17-летний Камали добровольно ушел на фронт в августе 1942 года. Его вместе с другими новобранцами посадили в товарный вагон, и через несколько дней они оказались в Москве, в Мытищинском районе. Здесь новобранцы около двух месяцев грузили снаряды, затем их повезли в Сталинград.

«Наши окопы и траншеи были недалеко от железнодорожной станции, Мамаева кургана, который в то время представлял собой стратегическую высоту. В ноябре немцы захватили ее, что позволило им вести огонь из всех видов оружия по любой части города. День и ночь была слышна канонада артиллерийских орудий. Самолеты весь день бомбили Сталинград. В руках немцев был почти весь город, в том числе железнодорожная станция. Получив приказ И. В. Сталина: «За нами Волга – ни шагу назад», стояли до конца. Земля содрогалась постоянно под ногами, ни минуты затишья! В мешках доставляли мерзлый хлеб и кусок сахара. Бывало, что не ели по нескольку дней», - рассказывал ветеран.

После на его счету участие в боях за освобождение Крыма. В 1943 году, после взятия Херсона, Камали Жуматаевич получил свой первый орден Славы. Солдат продолжил приближать Победу, направившись в 1944 году воевать в Крым. Затем был штурм Евпатории и Симферополя. За боевые заслуги в этих операциях Дюсембеков получил второй орден Славы и орден Отечественной войны II степени, а его часть указом Сталина была названа 24-й гвардейской Евпаторийской стрелковой дивизией. На подступах к Севастополю, при штурме Сапун-горы, 6 мая 1944 года сержант Дюсембеков был тяжело ранен. Его доставили в госпиталь Мелитополя. «Хирург сказал, что придется ампутировать руку. Но, подумав, он решил мне ее сохранить. И хотя у меня одна рука стала короче другой на семь сантиметров, я был благодарен ему», - говорил аксакал.

После лечения в госпитале его комиссовали, дав вторую группу инвалидности. В сентябре 1944 года он вернулся в Караганду. Здесь его наградили третьим орденом Славы и орденом Отечественной войны I степени. Таким образом Камали Дюсембеков стал полным кавалером ордена Славы. После войны ветеран работал на кирпичном заводе заместителем директора. Затем, отучившись в Алма-Ате, стал партийным работником.

В 1985, 2010 и 2015 годах Камали Жуматаевич участвовал в юбилейных парадах Победы в Москве. А в апреле 2010 года по инициативе Ассамблеи народа Казахстана в составе казахстанской делегации Камали Дюсембеков побывал в Италии, где участвовал в торжествах в честь 65-летия освобождения страны от фашистских войск.

Кали Аманбаев также ушел на фронт в 1942 году. Он был направлен в 240-й авиационный полк, в третью эскадрилью. Принимал участие в боевых операциях на Орловско-Курской дуге. Военная служба для него окончилось только в 1950 году. С июня 1942 года по апрель 1950 года служил в рядах Советской Армии.

В ходе круглого стола было отмечено, что в преддверии празднования 80-й годовщины Великой Победы в шахтерской столице будут регулярно проводиться мероприятия, посвященные памяти наших знаменитых соотечественников. В их числе Мартбек Мамраев, Нуркен Абдиров, Казбек Нуржанов и другие.

**Фархат КИНЖИТАЕВ**

# ЛУЧШИЙ СРЕДИ ГВАРДЕЙЦЕВ

**В УРАЛЬСКЕ НА БАЗЕ ВОИНСКОЙ ЧАСТИ 5517 РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «БАТЫС» НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ ПРОШЕЛ КОНКУРС НА ЗВАНИЕ «ЛУЧШИЙ КОМАНДИР БАТАЛЬОНА».**

В конкурсе приняли участие 25 офицеров из городов Актау, Атырау, Актобе,

Уральска и Жанаозеня. В ходе соревнований, которые длились четыре дня, проверяли уровень знаний и навыков у действующих офицеров и сержантов по следующим предметам обучения: государственно-правовая подготовка, тактика служебного-боевого применения, огневая подготовка, физическая подготовка, общевоинские уставы, РХБ защита, знание государственного языка, а также руководящих документов.

По итогам соревнований командир батальона из воинской части 6656 города Актау Национальной гвардии майор Асет Айдаргалиев занял первое место.

- Соревнования прошли на высоком уровне. Все офицеры, прибывшие на соревнования, были тщательно подготовлены. Я представлял воинскую часть 6656, дислоцированную в городе Актау, и занял призовое место. Теперь моя цель - стать победителем на республиканском конкурсе, который пройдет в Астане, - сказал Асет Айдаргалиев.



Отметим, что в конце декабря конкурс на звание «Лучший командир батальона» пройдет в Астане в Главном командовании Национальной гвардии Республики Казахстан. Майор Асет Айдаргалиев будет защищать честь Регионального командования «Батыс».

**Пресс-служба РгК «Батыс» НГ РК**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЕЛ АРМИЯСЫ

**БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН – ЕГЕМЕН ЕЛ. ЗАМАНЫ ТЫНЫШ. ТҮН ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ӘСКЕРІ БАР ЕЛДІҢ БЕЙБІТТІ БОЛҒАНЫНА БАРША ЖҰРТ ШҮКІРШІЛІК ЕТЕДІ.**

**Әлқисса**

Азаттық – біз үшін асқақ ұғым. Ата-бабаларымыз осы үшін арпалысты. Еркіндікті аңсады. Бізге бодандықта болу бірталайға жазды. Кеңес үкіметінің іргесі сөгілгенге дейін.

Үлкен державаның ғұмыры ұзақ болды. Оның құрсауында он бес мемлекет бар еді. Оның бірі – Қазақ КСР-і. Сол он бес ел орталықтан басқарылды. Бірақ кейінгі басқару жүйесі барлығын тығырыққа тіреді. Орталықпен одақ республикаларының мүдделері көп нәрселерде сәйкес келе бермейтін болды. Өйткені дамыған елдерге қарағанда саяси және экономикалық жағынан Кеңес үкіметі әлдеқайда артта қалды. Ол аздай, жариялылық, жеделдету, қайта құру саясаты жүйеге әсерін тигізбей қоймады. Құрамдас елдер саяси және мемлекеттік жетекшілерден түбегейлі өзгерістер күтті. Бірақ ол біттейтін саяси талқылауларға түсіп, нәтижесіз қалып



жатты. Сондықтан да 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында Кеңес үкіметінде үлкен саяси оқиғалар орын алды. Осы уақытта одақтас республикаларда тәуелсіздікке деген ұмтылыс күшейді. Жер-жерлерде орталық билікке қарсы бас көтерулер жиі болды. Кейбір тарихшылардың айтуынша, осы жылдарда орын алған үлкен саяси оқиғалар Кеңес Одағы құлауының басы болды.

**Дербес ел атанды**

Сөйтіп, тоқсаныншы жылы мызғымас Одақтың іргесі сөгілді. Құрамындағы бірнеше ел оның құрсауынан шығып жатты. Ең алдымен Балтық елдері өз алдына отау боп шықты. Одан соң Грузия, Молдова және Армения еншісін алды. Біздің ел 1991 жылы жаңа қадамды аттады.

Осылайша, дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланууына және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Оған сан мыңдаған адам жиналды.

...Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебірентер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен



азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын...

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңсelі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көпұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін».

**Ел қауіпсіздігі ескерілді**

Ол кезде дүмпулер жиі орын алды. Әсіресе, Ауғанстандағы соғыс жағдайы Орталық Азия мемлекеттеріне қауіпсіздікті тереңнен ойлауға тура келді. Осы тұста сол кездегі Қазақ КСР-інің Президенті Н.Ә.Назарбаев аймақтық тұтастықты сақтап қалуды ұйғарды. Сол себептен ел қорғанысын мықтап қолға алды.

Алдымен Қазақстан азаматтарын әскери қызметке шақыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1991 жылғы 12 қыркүйектегі бұл құжаттың негізінде бұдан былайғы кезеңде қазақ елінің азаматтары республика басшылығымен әскери қызметке шақырылатын болды. Және әскерге шақырылушыларды республика аумағынан тыс жердегі әскери құрылыс және ішкі әскерлерге жіберуге тосқауыл қойылды. Бұл өз кезегінде Қазақстанның әскери комиссариаттарына республикалық орган ретінде мәртебе берді.

Мұнан соң республиканың тәуелсіздігін, қорғаныстық және басқа да өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатымен 1991 жылдың 25 қазанында «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығын жариялады. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалды.

**Білікті офицерлер тартылды**

Сағадат Нұрмағамбетов – бұған дейін КСРО Қарулы Күштерінің сапында Ұлы Отан соғысын бастан өткерген Кеңес Одағының Батыры атанған танымал командир. Әрі жоғары басшылық құрамында болған қолбасшы еді. Құрметті демалыста болғанмен, әскери өмірден қол үзбеген-ді. Білікті офицер сеніп тапсырған іске құлшына кірісті. Кадр мәселесін шешуде және тағы басқа да мәселелерде аянып қалмады. Ол кісінің өлшеусіз еңбегін мына бір естеліктен аңғаруға болады.

«КСРО тарағаннан кейін, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әскерімізде полк басқаратын бірде-бір қазақ болған жоқ. 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы едім, Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде осы кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі, өзге ұлттың өкілдері өз елдеріне кеткісі келді, оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге «Ант қабылдаңдар. Қабылдамасаңдар, кетіңдер» деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз Президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметшілерге «Ант қабылдамайсыңдар, бұрынғы анттарың жеткілікті» деп жан-жаққа тарай бастаған әскери адамдардың бетін бері бұрдық.

Мұнан бөлек генерал-лейтенант өзге елде жүрген әскерилерді елге алдыруды көздеді. Оларды жылы қабылдап қана қоймай, әкелік, ағалық ақыл-кеңестерін беріп, барлығын бір іске жұмылдыра білді.

Негізі кадр мәселесі түйткілді болды. Жоғары шенділер оның да оңтайлы жолын тапты. Ол жайында Сағадат аға былай деп еске алады: «Иә, жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Генералдық штабымен Республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицер әскери академияға, 250-300 офицер әскери училищеге оқуға қабылданатын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбісі қазіргі кезде генерал, бастық болды. Академияға қазақтың офицерлерін тартып отырып оқуға жіберген едім. Алғашында қиындық болар, алайда, кейін олардың барлығы елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды».

Сағадат ағаның әскер ісіне тартқан офицерлерінің бірі – сол кездегі подполковник Абай Тасболатов. Егемендіктің алғашқы жылдарында әскери училищеге бастық етіп тағайындаған оған: «Жігіттерді өсіресің және көбіне қазақтың баласын аласың. Емтиханда



аузын ашып, аяғын басып ынта білдірсе, офицер боламын десе, мұрнынан боғы ақса да оқуға аласың» деген екен генерал.

**Ел армиясы құрылды**

Жалпы, Қазақстан тәуелсіз ел ретінде өзінің дербес әскерін құру ісін 1992 жылдың 7 мамырында Президенттің «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік



Қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлықтары шыққаннан кейін бастап кетті. Осы күні еліміздің аумағындағы КСРО әскери күштерінің есебіндегі мекемелер, бөлімдер, құрамалар, ұйымдар, полигондар, сақтау базалары, қоймалар, жылжитын және жылжымайтын әскери мүліктер Қазақстан құзыретіне берілді.

Сондай-ақ дәл сол күні генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовке генерал-полковник шені тапсырылды және ол еліміздің Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Содан бергі аралықта ел әскерін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл орайда, дәлірегі Қазақстан әскерін заманауи тұрғыда дамыту мәселесінде жаңа талаптар мен қазіргі таңдағы қауіп-қатерлер барынша ескерілді. Сондай-ақ әлемдік және аймақтық қауіпсіздікті сақтау шараларына еліміздің белсене қатысуын қамтамасыз ету бағытына ден қойылды. Бұл жұмыстарды нәтижелі жүргізу, Қарулы Күштеріміздің заманауи сипатын анықтау, оның нормативтік-құқықтық негізін құру және басқа да аса маңызды міндеттерді іске асыру үшін 1993 жылы ақпанда еліміздің бірінші Әскери доктринасы қабылданды. Оған Қазақстан әскерін құру қағидаттары енгізілді. Бұл құжат әскеріміздің заманауи тұрғыда дамытуға жол ашты. Одан кейінгі уақытта, яғни, 2000 жылғы ақпанда екінші Әскери доктрина бекітілді. Ол Қарулы Күштерді құру және реформалаудың басым бағыттарын нақтылады. Ал 2007 жылы наурызда қабылданған Әскери доктринада өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінің белгіленген аймақтарда әскери қауіпсіздік міндеттерін шешу мәселелеріндегі дербестігін қамтамасыз ету жайы айқындалды.





**Қазақстанның айбынды армиясы**

Міне, еліміз егемендік алғалы отыз бір жыл болды. Ал тәуелсіздік жылдар тұсында құрылған Қазақстан Қарулы Күштеріне – биыл 32 жыл.

Бұл отыз екі жылда талай қамал алынды. Көптеген қадамдар жасалды. Талай құрылым қанатын кеңге жайды. Қазақстанның Қарулы Күштері мейлінше дамыды.

Бүгінде Қарулы Күштеріміз үш түрлі құрылымнан тұрады. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Бұлардың әлеуеті ұлғайтылды. Стратегиялық тұрғыда дағдарыстық жағдайлар орын алған кезде негізгі міндеттерді шешуге қатысу үшін жоғары деңгейлі әскери топтар, кез келген қауіп-қатерге қарсы жедел әрекет ететін Арнайы операция тобы, киберкеңістікте қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл мақсатында ақпараттық күрес компоненті құрылды. Сондай-ақ мемлекеттің аумақтық қорғаныс саласын біріктіру үшін Қарулы Күштер құрамындағы аумақтық әскерлердің басқару органы пайда болды. Құрылымның барлық сатылары қамтыла отырып, еліміздің әскери оқу орындары арқылы мамандар дайындау ісі жолға қойылды.

Отыз жыл ішінде елімізде ұлттық әскери мамандарды даярлау жүйесі өз деңгейінде қалыптасты. Әскери бағыттағы оқу орындардың оқу-тәрбиелік үдерісіне озық технологиялар енгізілді, мамандардың білім деңгейін көтеру үшін оқу-әдістемелік база кеңейтілді. Біздің әскери жоғары оқу орындарымызда Армения, Қырғызстан және Тәжікстан сынды елдердің әскери қызметшілері де білім алатын деңгейге жетті. Өз кезегінде тәжірибе алмасу үшін біздің әскери қызметшілеріміз де шетелдердегі жоғары оқу орындарында шыңдалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар халықаралық әскери ынтымақтастыққа, дәлірегі, басқа елдер әскерлерімен өзара іс-қимылға және тәжірибе алмасуға баса назар аударылуының арқасында жүзеге асырылуда. Осы орайда біздің әскери құрамалар ШЫҰ, ҰҚШҰ аясында өтетін оқу-жаттығуларға да үнемі белсене қатысып, өздерінің жоғары деңгейлерін көрсетіп жүргенін мақ-танышпен айта аламыз.

Жалпы, Қарулы Күштеріміздің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін саланы заманауи стандарттарға, әлемдік тәжірибелерге сай дамыту басты міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан қазіргі таңда Қарулы Күштеріміз әскери шақыру және келісімшарт бойынша, яғни аралас тәсілмен жасақталуда. Соның нәтижесінде сержанттар мен сарбаздар құрамының 70 пайыздан астамын келісімшарт бойынша қызмет ететін әскери қызметшілер құрап отыр. Қалған 30 пайызын әскери борышын өтеуге міндетті азаматтар құрайды. Әскерді жасақтаудың осы тәсілі өз тиімділігін көрсетуде.

Иә, қазір заманауи және кәсіби әскері бар бейбіт елміз. Бүгінде Қазақстан өзінің әскери әзірлігі және техникалық жарақтануы жағынан әлемнің алдыңғы қатарлы армияларымен иық теңестіре алатын дәрежеге жетті. Кәсіби тұрғыда шыңдалған Қарулы Күштеріміз халықаралық бірлескен стратегиялық кешенді оқу-жаттығуларына белсене қатысып, мерейлерінің үстем болып жүргені де бар. Еліміздің Қарулы Күштері жауынгерлік даярлықтың жоғары қарқынды деңгейімен, сапалы жұмылдыру резервімен, ұлттық әскери оқу орындары жүйесімен және қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен ТМД-ның кейбір елдерінің арасында оқ бойы озық тұруы да – біз үшін мақтаныш. Мұның бәрі әскери қызметшілердің жоғары кәсіби даярлығымен, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетумен және аға буынның батырлық, жауынгерлік дәстүр сабақтастығының жалғасуымен жетіп отырған жетістіктеріміз екенін білгеніміз жөн.

**P.S. Тағы бір айта кетер жайт, тәуелсіздік жылдарында әскерімізді заманауи қару-жарақпен, озық үлгідегі әскери техникамен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қажетті жаңа қару-жарақтар мен техникалар сатып алынды. Бұған қоса, бұрыннан қолданыста болған құрал-жабдықтар мен әскери техникалар жөндеуден өткізіліп, жаңғыртылды.**

**Қазіргі таңда Қарулы Күштеріміздің халықаралық рейтингтегі жағдайы жылдан-жылға оңала түскені жасырын емес.**

**Рима ӘБЕУОВА**



ÁSKERI ZAŃGER



# ВЫСОКИЕ И БЛАГОРОДНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

**ВОЕННАЯ ПРИСЯГА – ВАЖНЕЙШИЙ МОМЕНТ В ЖИЗНИ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА, ВСТУПАЮЩЕГО В РЯДЫ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ И ВОЗЛАГАЮЩЕГО НА СЕБЯ ОБЯЗАННОСТИ ПЕРЕД ГОСУДАРСТВОМ. СЕГОДНЯ МОЛОДЫМ СОЛДАТАМ, ДАВШИМ КЛЯТВУ НА ВЕРНОСТЬ РОДИНЕ, ПРЕДСТОИТ МНОГОМУ НАУЧИТЬСЯ, ВПЕРЕДИ ДОЛГИЙ ПУТЬ ВОИНА, НО ИМЕННО ЭТОТ ВОЛНИТЕЛЬНЫЙ МОМЕНТ ПРИНЯТИЯ ПРИСЯГИ КАЖДЫЙ ИЗ НИХ БУДЕТ ВСПОМИНАТЬ С ОСОБОЙ ТЕПЛОТОЙ И ВОЛНЕНИЕМ.**

Торжественная церемония приведения молодых бойцов к военной присяге состоялась на военном плацу бригады противовоздушной обороны в Актауском гарнизоне.

В торжественном мероприятии приняли участие депутат Мажилиса Парламента Наталья Дементьева, ветераны Вооруженных Сил, Афганской войны, командиры бригад гарнизона, представители комитета солдатских матерей, родные и близкие воинов.

Солдаты, призванные осенью текущего года из Жамбылской, Кызылординской,





Актюбинской, Атырауской и Мангистауской областей, поклялись защищать Родину и государственные интересы независимого Казахстана.

Командир бригады подполковник Марат Кудабаев подчеркнул важность принятия присяги для каждого военнослужащего.

– Военная присяга – это нерушимый закон защитника Отечества. С ее принятием вы обязуетесь добросовестно изучать военное дело и стойко переносить трудности службы. Это мужская работа, и она пойдет вам на пользу, закалит характер и укрепит тело. Желаю настойчивости и успехов на этом пути, – сказал он.

До принятия присяги солдаты прошли курс молодого бойца. Они ознакомились с историей и традициями воинской части, изучили тактико-технические характеристики вооружения и техники, основы государственно-правовой, строевой и огневой подготовки.

Депутат Наталья Дементьева от души поздравила своего сына и его сослуживцев, принявших на себя священное обязательство по защите Родины, с этим знаменательным событием. Она пожелала им терпения, мужества и силы духа. Молодых солдат также напутствовали ветераны, общественные деятели и родители.

Для гостей части также были организованы показательные выступления с элементами рукопашного боя и дефиле с оружием. Затем состоялась экскурсия по воинской части с показом образцов вооружения и военной техники, учебных классов, казарм и столовой.

Родители смогли ознакомиться с условиями службы сыновей, получить ответы на интересующие вопросы и контактные данные командования. В этот день солдаты ушли в свое первое увольнение.

Более ста молодых солдат из Павлодарской, Туркестанской и Абайской областей торжественно приняли присягу в войсковой части 31767 Абайского гарнизона.

На церемонии принятия присяги новобранцы, пополнившими ряды сил противовоздушной обороны, с поздравлением выступили командир воинской части полковник Орак Кунабаев и ветеран воинской части подполковник запаса Станислав Сарсеков, которые еще раз напомнили защитникам, что охрана государства - дело почетное.

На строевом плацу воинской части мероприятие торжественной присяги посетили родители и родственники солдат, которые выразили свои искренние пожелания. От имени родителей выступили дедушка солдата Батырбек Канатбеков и мать солдата Алина Фурман, пожелав всем собравшимся в такой особенный день мира и благополучия.

От имени солдат выступил рядовой Магжан Байгазиев, пожелавший своим сослуживцам успехов в службе, добросовестно исполнять долг перед Родиной и достойно вернуться домой.

Каждый солдат почувствовал огромную ответственность, которая возложена на него в период прохождения срочной службы. После церемонии принятия военной присяги новобранцы воинской части прошли торжественным маршем. Солдаты также показали прибывшим гостям элементы рукопашного боя. Молодые бойцы, принявшие присягу и ставшие настоящими солдатами, в дальнейшем будут выполнять свой долг перед Родиной в составе личного состава воинской части.

# В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ СТАРТОВАЛ НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД

**С ЭТОГО ГОДА И В ПОСЛЕДУЮЩЕМ ИДЕОЛОГЕМА «БІРТҰТАС ЕЛ – БІРТҰТАС ЖЕР», СИМВОЛИЗИРУЮЩАЯ ЕДИНСТВО И ГОТОВНОСТЬ АРМИИ И НАРОДА К ЗАЩИТЕ ОТЕЧЕСТВА, СТАНЕТ ОПРЕДЕЛЯЮЩЕЙ В ОРГАНИЗАЦИИ БОЕВОГО СОСТЯЗАНИЯ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ.**



В рамках государственно-правовой подготовки на занятиях с военнослужащими подведены итоги года и поставлены задачи на новый период обучения. Личному составу разъяснены приоритеты развития Вооруженных Сил.

С учетом нынешней геополитической ситуации усилия будут направлены на совершенствование боевой подготовки, поддержание высокой боеготовности войск, внедрение цифровых технологий управления подразделениями, ресурсами и оружием.

Во всех соединениях, воинских частях и подразделениях организованы комплексные тактико-строевые занятия по боевой готовности. В торжественной обстановке проходят ритуалы закрепления за военнослужащими, экипажами и расчетами штатного оружия, вооружения и военной техники.

Проводятся мероприятия по обеспечению безопасности воинской службы. На практических занятиях военнослужащие изучают правила вождения и обслуживания военной техники, требования обращения с оружием, боеприпасами, электрооборудованием, ядовитыми и техническими жидкостями, порядок оказания неотложной медицинской помощи.

Следует отметить, что программа боевой подготовки войск составлена с учетом опыта современных вооруженных конфликтов и результатов боевой учебы, достигнутых в предыдущем периоде.



# КЕШЕНДІ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ОҢТҮСТІК» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНА ҚАРАСТЫ 35748 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ МАҚСАТЫНДА КЕШЕНДІ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ.**

Сабақтар жеке құрамға, ең алдымен жас сарбаздарға қызметтік міндеттерін орындаудың қауіпсіз тәсілдерін, қару-жарақ пен әскери техникаға қызмет көрсету кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу, сондай-ақ манекендер мен макеттерде қауіпсіздік талаптарын сақтамаудың нақты салдарларын көрсету үшін өткізілді. Осы мақсатта әскери бөлімнің жауынгерлік машиналары паркінде 12 оқу нүктесі жабдықталып, жеке құрам оқу бағдарламасын толық меңгеруге мүмкіндік алды.

Оқу-жаттығу нүктелерінде әскери қызметшілерге әскери техниканы пайдалану, қару-жараққа қызмет көрсету, улы және жарылғыш заттарды пайдалану кезіндегі сақтық шаралары, қарауылда қызмет өткеру кезінде және атыс дайындығы сабақтарында қауіпсіздік талаптары, сондай-ақ алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері нақты көрсетіліп, түсіндірілді. Бүкіл теориялық бөлім қару-жарақ пен әскери техниканың нақты үлгілерінде практикалық көрсетілімімен сүйемелденді.

Қарумен жұмыс істеу ережелерін сақтаудың маңыздылығы жасанды қанды қолдану арқылы имитацияланған жаралары бар муляжға бос патрондарды ату мысалында көрсетілді.

Әскери қызметшілердің дене шы-



нықтыруына байланысты тиісті жабдықтар мен жаттығу әдістерін таңдауды қоса алғанда, жаттығу процесін дұрыс ұйымдастыруға да ерекше назар аударылды. Дене шынықтыру нұсқаушылары дене шынықтыруды қауіпсіз орындау техникасын пысықтауға, сондай-ақ ықтимал жарақаттардың алдын алуға бағытталған бірқатар практикалық жаттығулар өткізді.

Медициналық көмек көрсету бойынша оқу орнында санитарлық нұсқаушы әскери қызметшілерге түрлі жарақаттар мен өмірге қауіп төнген кездегі негізгі ережелерді еске салды, сондай-ақ әскери қызметшілерді өз денсаулығын бақылау туралы тағы да хабардар етті.

Қауіпсіздік талаптары бойынша сабақтар 2 желтоқсанда басталатын жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілді.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

# ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

**АБАЙ ГАРНИЗОНЫНА ҚАРАСТЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНЕ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІН ӨТКЕРУГЕ ЖӘНЕ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН АТҚАРУ ҮШІН ШАҚЫРЫЛҒАН ЖАС САРБАЗДАР САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ. ОСЫ КҮЗ АЙЛАРЫНДА ШАҚЫРЫЛЫП, САРБАЗ АТАНҒАН 300-ГЕ ЖУЫҚ ЖАУЫНГЕРДІҢ БАСЫМ БӨЛІГІ – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, АҚМОЛА ЖӘНЕ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТАРЫ МЕН ҚАРАҒАНДЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНАН КЕЛГЕНДЕР.**

Салтанатты жиында сөз алған «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының орынбасары полковник Азамат Какимжанов, 28738 әскери бөлімінің командирі полковник Ермек Жұмагазин және 30217 әскери бөлімінің командирі подполковник Еркін Жоламанов құттықтау сөздерін жеткізді. Өз кезегінде сарбаздардың ата-аналары да ақ тілектерін айтып, балаларына баталарын берді.

Салтанатты шара барысында жас сарбаздардың ата-аналары мен туыстары ұлдарының қолдарына қару алып, әскери өмірге нық қадам басқанын көрді. Артылған аманат пен жүктелген сенімді абыроймен атқаратындарына көздерін жеткізді.

– Балаларымыздың елдің аманатын, Отанымыздың тыныштығын қорғайтын нағыз жауынгер болуына ант беруінің куәсі болдық. Ата-аналар өте риза болып жатыр. Ұлдарға аман-есен әскери борыштарын өтеп, елдеріне оралуға тілектеспін. Еліміз аман, халқымыз тыныш болып, аспанымыз ашық болсын, - дейді жас сарбаздың анасы Райхан Жұмабекова.





Ант қабылдау рәсімінен кейін қонақтарға әскери қоян-қолтық ұрыс әдістерінен қойылым көрсетілді. Соңында жауынгерлердің ата-аналары мен жақындары бөлім басшылығымен сұхбат жасап, сұрақтарына жауаптарын алды.

**Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі**

# ӘУЕ ШАБУЫЛЫНА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС БРИГАДАСЫНДАҒЫ САЛТАНАТ

**ШЫМКЕНТ ГАРНИЗОНЫНЫҢ 10216 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ САПТЫҚ АЛАҢЫНДА КОМАНДИРЛЕР, ҚЫЗМЕТТЕСТЕРІ, ТУЫСТАРЫ МЕН ДОСТАРЫНЫҢ АЛДЫНДА 30 КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАР ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ. ОЛАР ЖАҚЫН АРАДА ЕЛІМІЗДІҢ ӘУЕ ШЕКАРАЛАРЫН ҚОРҒАУҒА КІРІСЕДІ. ІС-ШАРАҒА БӨЛІМНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ, ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ АРДАГЕРЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫҢ ТУЫСТАРЫ МЕН ЖАҚЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.**

Жауапты және әсерлі рәсім әскери қағидалар бойынша қатаң түрде өтті: Мемлекеттік және Жауынгерлік ту астында қолына қару алған әскери қызметшілер өз Отанына қызмет етіп, оның адал қорғаны болуға салтанатты түрде ант берді.

10216 әскери бөлімінің командирі подполковник Дәулетбек Қоғабаев Отан қорғаушының өміріндегі анттың маңыздылығы туралы әскерге шақырылушыларға арналған құттықтау сөзінде айтты.



– Отанына ант бере отырып азаматтар адал әрі ардақты міндеттеме алады. Бұл – Қарулы Күштердің қатарына қосылған әрбір жас сарбаздың басынан өткеретін қасиетті рәсімі. Сіздерге Отанымыз өзінің оңтүстік әуе кеңістігін күзетуін сеніммен тапсырып отыр. Қабылдаған анттарыңызға берік болып, қызметтеріңізді адал атқарып, Отан қорғаушы атағына лайық болуларыңызды тілеймін, - деп түйіндеді ол.

Құттықтау сөздерінен кейін, бөлімше командирлеріне жас толымды ант қабылдауға кірісу туралы бұйрық берілді. Бір ай ішінде армияның негізін ұққан жігіттер, салтанатты рәсімді нақты және ұйымдасқан түрде, жалпы айтқанда, әскери тәртіппен өткізді.

Жаңадан әскери қызметші атанған қатардағы жауынгер Нұрдәулет Рахымберді өткен уақыт ішінде олар жаңа ұжыммен бірігіп кеткенін айтты. Алғашқы әскери дайындық курсынан өтіп, онда өз қызметі туралы базалық білім алғанын, сондай-ақ атыс алаңында болғанымен бөлісті.

– Бүгін біз Әскери ант қабылдап отырмыз. Осыған біз 10216 әскери бөлімінде бір ай бойы дайындалдық. Бізді командирлердің бәрі келіп жеке-жеке үйретті. Бүгінгі осы күнде қобалжу болды, бірақ аман-есен өткізіп алдық. Барлығы жақсы, Рақмет. Енді алдағы уақытта жоспарымыз – бір жылдың ішінде Отан алдындағы борышымызды аман-есен өтеп, үйімізге қайту, - деді Нұрдәулет Рахымберді.

Салтанатты рәсім соңында Ту тобы бастаған офицерлер, сержанттар мен сарбаздар құрамалары салтанатты шерумен өтті.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**



# ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШ

**ПРИОЗЕРСК ГАРНИЗОНЫНДА ОРНАЛАСҚАН 44841 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ 40-ҚА ЖУЫҚ ЖАС САРБАЗ ОТАН АЛДЫНДА АДАЛ БОЛУҒА АНТ БЕРДІ.**

Сайдың серке тасындай қаз-қатар тізілген жас сарбаздар Отан алдындағы жауынгерлік міндетін адал атқару үшін жиналғандар алдында ант берді.



Әскери ант қабылдаған сарбаздарды Қарағанды облысының Приозерск қаласы әкімі Ахметов Мансур және ҚР ҚК ардагері, ҚР құрметті азаматы Тілек Алшымбеков құттықтады.

– Сіздер бүгін нағыз Отан қорғаушы атанып, елін, жерін көздің қарашығындай сақтауға ант бердіңіздер. Алда әскери өмірдің қыр-сырын үйреніп, жігіттік мектептен өтесіздер. Бір жыл әскери борыштарыңыз абыройлы өтсін, - деді ардагер Тілек Алшымбеков.

Аталмыш ант қабылдау рәсімінен кейін сарбаздар түрлі әскери мамандықтарды меңгеретін болады. Жауынгерлік оқу-жаттығулар барысында шыңылып, шымыр болып туған үйлеріне оралады.

– Мен, бүгін Отан алдында және оның заңды сайланған Президенті алдында адал болуға ант бердім. Бір жыл бойы әскери мектептің тәжірибесін әлі талай үйреніп, тәлім алатын боламыз. Сондықтан өзіме және қарулас достарыма да ел қорғау жолында тек сәттілік тілеймін, - деді қатардағы жауынгер Серік Тұрар.

**Думан Жұмашұлы**

# ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕГІ ТАНЫСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

**АЯГӨЗ ГАРНИЗОНЫНДАҒЫ ТАНК ӘСКЕРИ БӨЛІМІНЕ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТКЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНЕН ШАҚЫРЫЛҒАН ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕР ҮШІН ТАНЫСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**



Әскерге енді келген жас құрамға шағын мұражайда әскери бөлімнің тарихы баян етілді. Басшылық құрамы және жеке құрамның жауынгерлік даярлықтағы жетістіктері, есте қаларлық елеулі оқиғалар таныстырылды. Сарбаздар әскери техника орналасқан аллеяны да аралады. Әскери қару-жарақ пен ауыр ұрыс машиналарының шығу тегі, техникалық сипаттамалары туралы мағлұмат берілді.

«Бір жыл әскери борышымызды өтейтін әскери бөлімдегі шағын экскурсия барысында командирлеріміз әскери қару-жарақ түрлерін, мәдени демалыс орталығын, әскери бөлімнің мұражайы мен кітапхананы көрсетті. Өз басым әдеби кітаптарды көп оқығанды жақсы көретіндіктен, маған әскери бөлімдегі қызықты кітаптарға толы кітапхананың болғаны ерекше ұнады», - деді Ақтөбе облысынан шақырылған қатардағы Алтынбек Ырғызбаев.

Қазіргі уақытта жас сарбаздар жауынгерлік дайындықтың жоспарына сәйкес саптық, тактикалық дайындық сабақтарын, жалпыәскери жарғыларды оқып, әскердегі күн тәртібінің кестесіне үйреніп жатыр.

**Алуа Искакова**

# МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ



**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ ҚАШАНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ-ТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНАН БАСТАУ АЛАТЫНДЫҒЫ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ.**

Астана қаласы, Байқоңыр ауданы қорғаныс істері басқармасының жеке құрамымен 2024-2025 жылғы жаңа оқу кезеңінің бірінші тақырыбы әдеттегідей, мекеме басшысы подполковник Ж.Раисовтың жетекшілігімен «Біртұтас ел – біртұтас жер» қағидатын түсіндіру бойынша ұйымдастырылды.

Жеке құрамның санасында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, Отанды қорғау конституциялық және әскери борышына адалдық, «Біртұтас ел – біртұтас жер» қағидатының негізгі құндылықтары жағдайында мемлекетте жүргізіліп жатқан саясатты дұрыс түсіндіру мақсатында жүргізілген дәріс тартымды өтті.

Мемлекетіміздің тұтастығын сақтауда Қарулы Күштердің әскери қызметшілері кез келген сынаққа сақадай сай болуы мен армияның егеменді еліміздің сенімді қалқаны екендігі қадалып айтылды.

Дәрістің барысында жетекші тыңдаушылардан қойылған түрлі сұрақтарға нақты жауаптар берді.

Сабақ соңына қарай мекеме басшысы 2024-2025 оқу жылына қойылған тапсырмаларға тоқталып, жеке құрамды жігерлік танытуға шақырды.

**Марат ТУРАБАЕВ,**
**Астана қаласы, Байқоңыр ауданы қорғаныс істері басқармасы**

---

# ПРОВЕРКА БОЕСПОСОБНОСТИ

**ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ МОРСКОЙ ПЕХОТЫ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «ЗАПАД», КОТОРЫЕ ДИСЛОЦИРУЮТСЯ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ, БЫЛИ ПРИВЕДЕНЫ В ВЫСШУЮ СТЕПЕНЬ БОЕВОЙ ГОТОВНОСТИ В РАМКАХ МАСШТАБНЫХ УЧЕНИЙ. МОРСКИЕ ПЕХОТИНЦЫ СОВЕРШИЛИ МАРШИ В РАЙОНЫ СОСРЕДОТОЧЕНИЯ, ГДЕ ПРОДОЛЖАЮТ ОТРАБОТКУ РАЗЛИЧНЫХ БОЕВЫХ И ТАКТИЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ.**

Учения проходят под руководством командира бригады морской пехоты гвардии подполковника Азамата Сулейменова. В маневрах участвуют около двух тысяч военнослужащих, представляющих различные подразделения, дислоцирующиеся в Актауском гарнизоне. Также в учениях задействованы более 200 единиц вооружения и военной техники, включая бронетехнику, артиллерию и средства связи. Главной целью маневров является проверка боеспособности и улучшение взаимодействия всех частей, задействованных в оперативных действиях.

Как отметил подполковник Азамат Сулейменов, маневры включают в себя проверку организации взаимодействия и своевременного обмена информацией между подразделениями и пунктами управления. В ходе учений особое внимание уделяется совместным действиям штабов и воинских частей при выполнении задач по предназначению. Это позволяет не только улучшить координацию между различными частями, но и повысить эффективность выполнения боевых задач в реальных условиях.

Кроме того, маневры включают элементы, направленные на совершенствование тактики и оперативного реагирования на возможные угрозы. Подразделения отрабатывают различные сценарии боевых действий, включая операции по высадке, захвату и удержанию ключевых объектов, а также проведение оборонительных операций.

С 2 по 6 декабря 2024 года в Вооруженных Силах Республики Казахстан начался зимний период обучения. Эти учения являются частью подготовки к возможным угрозам и проверке готовности всех подразделений к действию в сложных погодных условиях. Задачи зимнего обучения включают в себя не только повышение физической выносливости военнослужащих, но и совершенствование навыков работы с техникой и вооружением в условиях низких температур и ограниченной видимости.

Поднятие морской пехоты Регионального командования «Запад» в высшую степень боевой готовности, проведение маршей и маневров под руководством опытного командира подполковника Азамата Сулейменова подчеркивает высокий уровень подготовки и мобильности сил, призванных обеспечивать безопасность на западных рубежах страны.



---

# ЗАДАТЬ ТЕМП БОЕВОЙ УЧЕБЕ



**В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ В НАЧАЛЕ ЗИМНЕГО ПЕРИОДА ОБУЧЕНИЯ К ПРОВЕДЕНИЮ КОМПЛЕКСНЫХ ТАКТИКО-СТРОЕВЫХ ЗАНЯТИЙ ПО БОЕВОЙ ГОТОВНОСТИ В ЧИСЛЕ ДРУГИХ ВОИНСКИХ ОБЪЕДИНЕНИЙ ПРИСТУПИЛИ И ВОЙСКА РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «ЮГ».**

На протяжении этого периода каждое утро военнослужащих начинается с сигнала «Сбор», что обязывает их в кратчайшие сроки прибыть к месту службы, получить оружие и быть готовыми к выполнению боевых задач в составе своего подразделения.

Какие именно поступят боевые задачи, заранее никто не знает. В этом и заключается суть проверки боевой готовности: оценить способность подразделений действовать четко и слаженно при поступлении любых задач.

Прежде всего в ходе комплексных тактико-строевых занятий проверяется система оповещения. Это важный этап при приведении войск в различные степени боевой готовности. От оперативности передачи сигнала о сборе будет зависеть качество выполняемых задач.

Для командующего войсками Регионального командования «Юг» генерал-майора Ержана Ибраева его назначение на должность совпало с началом нового учебного периода. Но для опытного военачальника это не является помехой, он сразу включился в работу, активизировав работу всего штаба.

Пока личный состав воинских частей сосредотачивается в пунктах постоянной дислокации в ожидании вводных, руководство войсками Регионального командования «Юг» приступило к планированию действий.

Расчет времени, количество техники, ГСМ и боеприпасов, районы сосредоточения и маршруты движения, привлечение мобилизационных ресурсов – все эти и другие вопросы командующий войсками детально обсуждает и планирует со своими заместителями и офицерами штаба.

Когда имеется четкий план и просчитаны все шаги предстоящих действий, реализовать замыслы руководства на практике командирам подразделений будет значительно легче.

– Проведение комплексных тактико-строевых занятий по боевой готовности является традиционным мероприятием перед началом нового учебного года в войсках, – отмечает первый заместитель командующего войсками РгК «Юг» – начальник штаба войск полковник Нурлан Карибаев. – Так мы проверяем готовность войск и органов военного управления к выполнению задач в различных условиях обстановки и задаем темп новому учебному периоду.

Тем временем в войска уже поступают конкретные задачи, для подготовки к практическим действиям из боксов выходят боевые машины и начинается загрузка боеприпасов. А это значит, что военная техника в любой момент готова выдвинуться в назначенный район для выполнения задач по своему предназначению.

В процессе проведения комплексных тактико-строевых занятий по боевой готовности руководство Регионального командования «Юг» наблюдает за работой командиров, оценивает их умение управлять подчиненными и приданными подразделениями, дает оценку слаженности и способности частей в установленные сроки выполнить задачи по предназначению. Эти наблюдения и выводы позволят руководству выявить недостатки, выделить положительные моменты, определить наиболее грамотных и способных командиров для дальнейшей расстановки сил и средств с целью эффективного управления войсками.

Приведение войск в различные степени боевой готовности накануне начала нового учебного года – это своего рода вступительный экзамен войск перед новым периодом обучения. Взятый на старте темп сохранится в ходе дальнейших этапов и, несомненно, отразится на качестве боевой учебы.

**Дина МУХАРИНОВА,**
**Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),**
**пресс-служба Таразского гарнизона**

Республикалық
әскери-құқықтық газет

ÁSKERI ZAŃGER

Республиканская
военно-правовая газета
Издается
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Заведующий отделом
Тимур АУБАКИРОВ

Заместитель директора
по печатным СМИ
Тимур КУБЕКОВ

Заведующий отделом
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Корреспонденты:
Нариман ДЮСЕНОВ
Рима ӘБЕУОВА
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректоры:
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:
Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери заңгер»
общественного объединения
«Альянс военных юристов»
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в
Министерстве информации и коммуникаций
Республики Казахстан
Свидетельство № 16213-Г.

Мнения авторов не всегда
выражают точку
зрения редакции. Рукописи и фотографии не
рецензируются и не возвращаются.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,
Бостандыкский район,
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63
E-mail: Info@sarbaz.kz
Газета издается в типографии
АО «Алматы-Болашак», г. Алматы,
ул. С.Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687
Тираж 213
Номер заказа №12